

**Тәкей Есетов атындағы № 264 мектеп-лицей жанындағы қосымша
білім беру орталығы «Жас дарын» хор үйірмесінің жетекшісі
Базарбаева Шұғыланың 2024-2025 оқу жылындағы
үшінші тоқсандық анықтама есебі**

«Жас дарын» хор үйірме мүшелері үшінші тоқсан барысында да жоспар бойынша оқу- тәрбие жұмыстарына белсене араласа білді.

Жоспар бойынша оқушылар хорда ән айтуды, дауыс биіктіктеріне байланысты топтарға бөлінуді, хорда ән айтқанда қалай тұру керектігін үйреніп, практикалық жұмыс жүргізді. Сонымен қатар тәрбиелік іс - шараларда белсенділік танытып, биіктерден көріне білді. Сабақ барысында балалар «Атамекен», «Бақыт деген», «Жаңа ғасыр Қазақстан» әндерін жетік меңгеріп, сахнада еркін айта білуді үйренді.

05.02.2025ж. «Өнерін әнмен өрнектеген» атты жергілікті композитор С.А.Шынымовпен оқушылардың кездесу кешінде хор үйірме мүшелері белсене қатысып «Шаршама ұстаз» әнін «Жас дарын» хор үйірме мүшелері, «Туған күніңмен апа!» әнін үйірме мүшесі Жаңабай Зере және де Болысбек Нұрлыхан өз өнерлерін көрсетті.

01.03.2025ж. «Алғыс айту» күніне орай ата-аналар мен ұжымдастарға ұйымдастырылған қосымша білім беру орталығының «Ашық есік» күніне арналған концерттік бағдарламасында үйірме мүшелері белсене атсалысты. Концерт барысында балалар «Бақыт деген», «Жаңа ғасыр Қазақстан», «Жаңа Қазақстан», «Көктем вальсі», «Ақ тілек» әндері орындады.

03.03.2025ж. М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғарғы колледжінің «Өнер»бөлімінің «Заманауи музыка мұғалімі:кәсіби дайындық,шығармашылық ізденіс» тақырыбы аясында апталықтың ашылуында «Жас дарын»хор үйірмесі өз өнерін паш етті.

07.03.2025ж. «Ананың аялы алақаны» атты челленджіне үйірме мүшелері атсалысып,өзге оқу орындарына жолдады.

11.03.2025ж. Мектеп аясында ұйымдастырылған «Екі жұлдыз »ән байқауында үйірме мүшелері жарысқа белсене қатысып жүлделі орындарды иемденді.Ұзақбай Айсұлтан жүлделі 1орын, Жаңабай Зере жүлделі Зорынды иемденді.

14.03.2025ж. «Көрісу күні – Амал күні» мерекесіне орай қалалық Ардагерлер үйінде «Жаңа өмір, жаңа жыл, жаңа күнмен көрісу» тақырыбында ардагерлерді құттықтау шарасында үйірме мүшелері белсене атсалысты.

17.03.2025ж. Мәдениет және Ұлттық салт-дәстүр күні Қызылорда облыстық мемлекеттік архивтің ұйымдастыруымен өткен «Наурыз мейрамы – салт – дәстүрлер салтанаты» іс-шарасы.

18.03.2025ж. Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында «Жақсылық жаса – балаға» тақырыбында қайырымдылық акциясы.

20 наурыз күні үйірмелер арасында «Наурыз – жыл басы» мерекелік шарасы ұйымдастырылды.

«Жас дарын» үйірмесінің жетекшісі:  Базарбаева.Ш